

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

жақсылықтарды қатар айта келіп, қиналған сәтте жаныңнан табылар жақынға айналған батырлар деп көрсетеді. Абылайдың Ташкентте жау қолында тұтқында болғандығы және сол жау қолынан Бөгембай бастаған батырлардың ханды құтқаруға себепші болғандығы да айтылады. Толғаудың соңғы бөлігінде батырға иман байлығын тілеп, ханға еңсесі түспеуін баса айтады. Бөгембайдай перзенттің әлі де дүниеге келетіндігіне кәміл сенім білдіреді:

Көзіңнің жасын тыя көр,
Жақсылық бата қыла көр.
Тағы да талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін,
Бөгенбайдай жас берсін,
Өлшеусіз мал мен бас берсін!
Бөгенбай сынды батырдың
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқына-ай.
Жасаған ие жар болып,
Бейіште нұры шалқығай! [4, 73].

Сөзімізді түйіндей келе, Үмбетей жырау поэзиясындағы Бөгембай батырдың бейнесі асқақ, қажыр мен қайраты биік тұлға, кемелденген бейне ретінде жырланады. Қазақ хандығы тұсындағы айбынды да беделді қолбасшы – Бөгембай батыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968. – 154 б
2. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. Жүз томдық. Т. 57. – Астана: Фолиант, 2010. – 408 б.
3. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: –384 б
4. Жеті ғасыр жырлайды. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2008. – 400 б.
5. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014 – 344 б.
6. Әлтай А. Ақын-жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғғ.): Оқулық. – Астана: Ақжолтай, 2013. – 232 б.
7. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – 428 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АУЫЛ КЕЛБЕТІ (Т. Нұрмағанбетов, Б. Сарыбай әңгімелері негізінде)

Жәлелова Меруерт Серікқызы

miko.tb@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор, Айтуғанова С.Ш.

Әңгіме жанры – оқиғалар шағын, қарасөзбен жазылған өмір шындығы баяндалатын көркем туынды. Қазақ әңгімелерінің арғы бастаулары фольклормен сабақтасқан. Ертегі, шешендік өнер, аңыз әңгімелердің бөліктері, ішкі мазмұндағы үндестіктің жалғасы – әңгімеде көрініс тапқан. Әңгімені Ахмет Байтұрсынұлы «әуезе» деп атаған [1,43]. Әңгіме жанрын З.Қабдолов та өз зерттеу еңбегерінде кеңінен ашып көрсетеді. «Әңгіме – қиын жанр. Алдымен, көлемі шағын. Ол – жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден үйіріп әкету үшін, сол шағын көлемдегі өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс. Сюжетке ене бастаған бетте-ақ оқырманның көз алдына іші-сыртын, мінез-құлқын, іс-әрекетін аттаған сайын аңғартып, адам келе бастауы керек. Ол адам өзіне тән ең бір елеулі өзгешелігімен шұғыл даралана беруге тиіс. Адам тұл көрінбейді; оның өзін қоршаған айналасы айқын көзге түсуі, сол

арқылы белгілі бір әлеуметтік топ, қоғамдық орта танылуы шарт. Әлгі адам – соның өкілі, типтік тұлға болуы қажет. Осының бәрі жазушыдан өмірді терең білумен қатар, шұрайлы сөз байлығын, жіті бақылағыштықты, асқан талғампаздықты, тілдегі тамаша суреттілікті, бір сөзбен айтқанда, қалам тиген жерді өмірдің өзіне айналдырар нағыз шеберлікті, соған қоса кемел идеяға апарар терең білім мен мәдениетті талап етеді. Мұның бәрі – күрделі, қиын жұмыс, сондықтан болуға тиіс, қаламгер қауым әңгіме жазуды шеберлік шыңдау деп ұғады» [2,297]. Мақалада шағын прозасында ауыл адамдарының мінез-құлқын, адам жан дүниесінің қыры мен сырын, ұлттық көзқарастарды кеңінен суреттейтін Тынымбай Нұрмағанбетов және Бейбіт Сарыбай әңгімелеріндегі қазақ ауылының бейнесі сөз етіледі. Жазушылардың әңгімелерін оқи отырып, әр түрлі оқиғаларға тап боламыз. Кейде сол оқиға орнында отырғандай шынайылықты сезінеміз. Мысалы ауыл адамдарының күнкөрісі, жастық шақтың жойқын көріністері, күйбең тірліктен қолы босамайтын ауыл адамдарына тән аңғалдық, ауыл адамдарының бір-біріне деген риясыз сенімі. Жазушы болған оқиғаны жәй ғана баяндап қоймайды, оқырманның сана-сезіміне әсер ететіндей көріністер арқылы әсерлі етіп жеткізеді. Ауыл өмірінің шынайылығын қала өмірімен салыстыру арқылы баяндайды. Тәуелсіздік алғалы ұлттық әдебиетіміз кеңінен жаңғырып, ұлт болашағын айқындайтын тың тақырыптармен толысты. Ұлттық болмыс пен ұлттық мінезді көрсететін ауыл адамдарының бейнесі әңгіме жанры арқылы оқырманға жол тартты. Себебі әңгіме жанры – бір ғана бейнені суреттеу арқылы бірнеше мағынаға үстемдік береді. Ауыл адамдарының адамгершілігін, қонақжайлылығын, бауырмалдығын, сөз қадірін ұғыну тәрізді қанға сіңген қасиеттерді оқырманға боямасыз, сол қалпында жеткізу арқылы ерекше әсер қалдырады. Жалпы қазіргі қазақ әдебиетіндегі шағын проза жанры көптеген көркем туындылармен толығып келеді. Әдебиеттегі өмір шындығын көрсетуде де әңгіме жанрының алатын орны ауқымды. Әңгімедегі кейіпкерлер байланысы мен сюжеттік оқиғалардың жиынтығы қысқа әрі жүйелі беріледі. Әңгімеде ой жинақы әрі маңызды тұстары басшылыққа алынып келтіріледі. Әңгіме жанрының өзге жанрдан өзгеше тұсы да осында жатыр. Өміріне, адамдардың шынайы келбетіне куә боламыз. Тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңдерге бармай-ақ, бертіңгі уақытта жазылған Т. Нұрмағанбетов пен Б. Сарыбайдың әңгімелеріне көз жүгірте отырып, ауылдың тұрмыс-тіршілігіне, күнделікті өміріне куә боламыз. Жазушылар өте шебер және тұшымды суреттей білген. Әңгімелерінде ауыл адамдарының қарапайымдылығымен қызыққа толы оқиғалары баяндалады. Бір ғана адамды суреттеу арқылы баршаға үндеу тастайды. Оқырманды да еріксіз өзіне елітеді. Әңгімелерінің астарында әр түрлі ойлар мен тақырыптық идеялар жатыр. Уақыт өз күшінен сырғыған сайын оқырман көзқарасы да өзгеріске ие болады. Тәуелсіздік кезеңінде жазылған әңгімелер сол кезеңнің айтар ойымен заман сұранысына жауап қата білуі керек. Осы төңірегінде әңгіме қозғау үшін, жазушы ең әуелі өз туған жерін қадірлеп, ұлттық құндылықтарын жоғары қоя білуі тиіс. Т.Нұрмағанбетовтің «Жиырма жас», «Менің інілерім», «Перзент» әңгімелері шығын проза жанрының салмағын арттырды. Тынымбай Нұрмағанбетовтің бірқатар әңгімелері ойға оралады. Мысалы: «Кене», «Шұбырынды елдің шұбырынды әңгімесі», «Ойын», «Тұлып», «Жастық желігі» сынды әңгімелері кешегі мен бүгінгі қазақ ауылының өмірін, сол кездегі күрмеуі қиын кезеңдерді суреттейді. Оған «Ойын» әңгімесіндегі Тобаштың бейнесі дәлел. Мектебінен алыс тұрса да жалаң аяқ қатарынан бұрын жететін Тобаштың көңілі аяқ киімнің жоқтығынан түседі. Амал жоқтан әжесінің мәсісін киіп баруға тура келеді. Бұл көріністен ауыл балалары ысырапшылдыққа жол бермей және жоқшылықтың салдарынан шыңдалып өсетіндігін көреміз. Жазушы шығармашылығының басты өзгешелгі заман ағымынан қалыс қалмай, өзі өмір сүрген қоғамды, адамдарды, әлеуметтік ортаны жақсы жағынан суреттеуінде. Қаламгердің «Жиырма жас» атты әңгімесі жастық шақтың әсерлі де қызықты сәттерін алдына әкеледі. Ауыл жастарының бойындағы жайдары мінездің көріністері және аға мен бауырдың арасындағы көзбен түсінетін сыйластықты автор ерекше екпінмен суреттейді. Жастардың бағытына айналған көкелерінің мінезі мен іс-әрекеті де шағын прозадан қалыс қалмаған. «Үйдің іші тастай қараңғы. Шіркін, ұйқы деп біздің көкемнің ұйқысын айт. Ертедегі

алыптарша ұйықтайды. Көзін жұмса-ақ күркіреп қорылға басады. Қазір де үйінің ішін басына көтеріп жатыр. Сықырлауық кереуеттің о шетіне бір, бұ шетіне бір аунаймын. Оразбай әлі жоқ. Оны ойласам, жыным келеді» [3,219]. Тынымбай Нұрмағанбетовтың «Қар астындағы ауыл» атты әңгімесі бар. Ауылдағы адамдардың тіршілігі суреттеледі. Әңгіме жанрының барлық талаптарына сай жазылған. Кейіпкерлер тілінің тілге жатықтығы мен сюжеттік оқиғалардың үйлесімділігі де сәтті келіскен. Ауылдағы қыстың әрі ұзақ әрі қаһарлы болғанын еске ала отыра баяндайды. Күні, түні жауған қар, ауыл адамдарын әуреге салғанын және сол уақыттағы болған оқиғалармен байланыстыра жалғап отырады. Ауыл келбетін суреттеген кезде «Ауылдардың жатағандау тамдарының өзі жауған қармен бірдей болып қалғанда азаннан кешке дейін қар күреп, ана үй мен мына үйдің арасына жол салудың өзі кәдімгідей бейнет еді» [3,67]. Ауыл адамдарының бірлескен қол күші ғана қиындықты еңсеруге жол ашты.

Ауыл адамдарының қарапайымдылығы мен аңғалдығын да әңгіменің бір бөлігіне айналдырады. Ағасы Оразбайға деген реніш емес, еркелік деп түсінуіміз керек. Тәуелсіздік тұсында әңгіменің әлеміне қазақы мінезімен келген, жас толқын Бейбіт Сарыбайдың «Жанғалидың жазығы», «Қара ағаш» атты шағын прозадағы өрнекті ой орамдары әдеби қауымның көңілінен шықты. Әңгіменің басы: «Біздің ауылда тарлау бір көшеде жалғыз өсіп тұратын қара ағаш болған» деп бастайды жазушы. Мазмұны айтып тұрғандай шағын прозаның тақырыбы «Қараағаш». Кәдімгі ағаш болғанмен, бойына біраз естелікті жинаған сырсандық іспетті. Мұны жазушының мына бір сөйлемдерінен аңғарамыз: «Қасынан өткен әрбір адам әлденені есіне алатын» [4,142]. Кез келген ауылда өскен жанның балалық шағында, ауылда асыр салып ойнап жүрген кездерінде басынан өткерген сәттердің бірнешеуін әңгімеден байқаймыз. Мысалы ағаштың түбінде қос ғашықтың жарасым табуы, үлкендердің көзіне түспеуге тырысуы, оларды ауылдың сотқар, бұзықтарының аңдуы, қоршау ішімен жүріп, тасаларға тығылуы. Бәрі ауылда өсіп-өнген қазаққа таңсық дүние емес. Өзінің кезеңіндегі балалар мен қазіргі жас жеткіншектердің іс-әрекетін де салыстырмалы түрде сипаттап, ара-жігін ажыратып береді: «Бір кездегі сол екеуіндей, Нәйлә екеуіміз де ұзақ сонар әңгіме айтып тұрмыз. Бірақ бізді аңдып жатқан біз кездегі өзіміздей балалар көрінбейді. Олар неге аңдымайды екен? Бәлкім бұлар үшін бұндай жағдайлар қызықсыз шығар. Бұл күнгінің балаларын компьютер ерте есейтіп жіберді ғой. Біздер үшін керемет еді. Уақыт-ай десеңші!» [4,145]. Қазір асыр салып, асық ойнайтын, доп теуіп, қозы бағатын қара домалақ баланың орнын қолында смартфон бар, техниканың тілін шағатын балалар басқан.

Әңгімеде екі кезеңдегі екі түрлі махаббат хикаясының аяқталуы әдемі үйлесім тапқан. Бір кездері бала ғашық қызық көріп аңдыған жігіт пен қыздың жолы екіге айырылған. Нәйлә мен оқиғаның басты кейіпкерінде де солай. Оған мына бір сөйлемдер дәлел: «Екі жыл бұрын Нәйлә екеуіміз осы қарағаштың түбінде тұрып едік. Сол кезде әлденеден секемденгендей ме едім? «Оған қарағаштың не қатысы бар?» - деп еді ол. Мен: «Олардың жолын бермесін» деген едім» [4,145]. Қара мен ағаш сөздері де біздің танымда ерекше қасиетке ие. Қара шаңырақ, қарапайым, қара көз сынды сөздердің түпкі негізінде қараның қасиеті жатыр. Ағаш түркі баласы үшін де кие мен қасиетке толы. Өмір ағашы деген түсінікте мифологияда бекер айтылмаған.

Аталмыш шағын проза жанрында сілкініс жасаған қаламгерлердің көркем туындылары, ой байланыс жағынан да, сюжеттік иірімдер тұрасынан да өзекті. Біз қаузап отырған ауыл бейнесінің кескін-келбеті де осы шығармалардың өзегінде жатыр. Жоғарыда атаған көркем шығармаларымыз өзінің әдеби салмағымен және кейіпкер тілінің ерекшелігімен дараланады. Жас толқынның қатарындағы Б.Сарыбайдың «Жанғалидың жазығы» атты әңгімесінде ауыл ішіндегі атақ-даңқсыз ақ ел ықылысына бөленген Жанғали атты кейіпкерді баяндайды. Кейіпкер арқылы ауыл адамдарының өмірі, реніші мен өкпесі, қуанышы мен жұбанышын дәлме-дәл жеткізеді. Әңгіменің қысқаша мазмұны, бір ауылда Жанғали атты жігіт болады. Ауыл адамдары Жанғалиға ыңғайын таптырып, жұмысын жасатқызады. Ауылдың тірлігі Жанғалисыз бітпейтіндігін айтады. Мақтап, абыройын асырса жылы сөзге қуаттанып, жұмысты асқан шабытпен жасайды, мінезін көрсетіп айтатын болса, ондайлардың да

сазайын Жанғали беретіндігін әңгімеде арқау етеді. Жалғыз жазығы ащы суды ұрттайтындығы дейді [5, 102]. «Айғай аттансыз момақан тірлік кешіп жатқан осы бір шағын ауылдың Жанғали болмаса бүкіл жұмысы бітпей қалатындай» [19, 102]. Бұл үзіндіден не байқаймыз. Ауыл тіршілігінің ешкімге ұқсаймайтын бейнелілігі, ауыл адамдарының таза пейілі мен аңғал, ақ көңіл қарым-қатынасы. Әңгіменің соңғы бөлігінде өмірінің уақыт сағаты аяқталған Жанғалиды сағына еске алған ауыл адамдары баяндалады. «Ауыл адамдарының ұртына күлкі үйірмесе жүре алмайтын, ылғи жақсы көңіл күй сыйлап, жүретін Жанғали сөйткен ауылын бір-ақ күнде жылатып кете барды» [5, 109]. Міне, біз таныған Жанғалидың өмірбаяны. Еліктегіш емес, ауыл адамдары үшін жанын салып іске кірісетін ақ адал, еңбекқор кейіпкердің өмір жолы бір әңгіменің арқауы болды. Ауыл өмірінің қызықты сәті баяндалатын Бейбіт Сарыбайдың «Өліара» атты әңгімесі бар. Мектепті енді ғана аяқтаған ауыл жастарының ауылды қимас кезеңдері ерекше сюжеттік оқиғалар арқылы баяндалады. Ауыл өмірінің өзіне ғана жарасатын ерекшелігі мен өзектілігі де көркем шығармадан тыс қалмаған. Ауыл жастарының достыққа адалдығы мен аңғал көңілі де әңгіменің шырайын келтіріп тұр. Бас кейіпкердің қалаға оқуға тапсырып, 117 балл алдым деп қуанып, артынша ол 117 балл реттік нөмері боп шыққанын көргендегі кейіпкердің өңін керемет жеткізеді. Кейіпкердің есімі – Асқарұлы Алмат. «Ауылға келсем менің Қожанасыр атағым дүрілдеп тұр екен. Кездескен адамдардың барлығы күледі. Намыстанатын несі бар, мен де күлдім. Тек шешем байғұс жұрттан ұялып, бірер күн жиын-тойларға бара алмай жүрді»..[5, 109].

Қорытындылай келе шағын проза жанрының бүгінгі хәл жағдайы көркем туынды турасында өркендеп, өмір шындығын баяндап келеді. Қазақ әңгімелерінің терең тарихын бүгінгі тәуелсіз шағын прозалар көші жалғап келеді.

Тәуелсіздік тұсындағы шағын прозаның өрлеуі мен дамуы адам бойындағы құндылықтарды бүкпесіз таза сол қалпында көрсете алуымен ерекше болды. Ауыл адамдарының бойындағы қарапайымдылық пен аңғалдықты да қаламгерлер ерекше оқиғалар арқылы жеткізді. Ауыл тіршілігінің танысы мен тазалығын да көркем туындылардан, әңгімелерден бағамдай аласыз. Кейіпкерлер тілі мен ауыл келбеті мен бейнесін көрсетудегі сюжеттік оқиғалардың жүйелілігі де тақырыптың кеңінен ашылуына бағыт болып тұр. Осы үндестік біз қарастырған Т.Нұрмағанбетов пен Б.Сарыбай әңгімелерінің негізгі өзегіне айналған.

Т.Нұрмағанбетов пен Б.Сарыбай сынды қаламгерлердің тәуелсіздік тұсындағы әңгімелердің түпкі сарыны – қарапайым қазақы тіршіліктің қойнауында жатыр. Өсіресе ауыл тақырыбына арналған шағын прозаларындағы ішкі мазмұнындағы үндестік те ерекше. Кейіпкерлер тілінің нақтылы және сюжеттік оқиғалардың байланысы да екі автор әңгімелерінің салмағын арттырып тұр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 270 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
3. Нұрмағанбетов Т. Қош бол, ата! – Алматы: Таймас, 2012. – 240 б.
4. Сарыбай Б. Қараторғай: Проза. – Алматы: Жалын, ЖШС, 2013. – 192 б.
5. Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді: Проза. – Алматы: Жалын, ЖШС, 2009. – 160 б.

GTAMP 17.09.91

БЕКЕЖАН ТІЛЕГЕНОВТИҢ «СЕКСЕН АЛТЫНШЫ ЖЫЛ» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Заданов Арлан Бағдатұлы

arlan.bagdatuly@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты, Астана, Қазақстан